

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы  
9 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 29 ақпандағы № 44-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы  
9 қаңтардағы заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық  
актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және  
белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және  
Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

а қ п а н д а ғ ы

№ 4 4 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау  
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»  
Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңын іске  
асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық  
актілердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің  
2012.08.13 № 149-ө Өкімімен.**

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5

1.	Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жататын жұмыстардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҒМ, ККМ	2012 жылғы тамыз
2.	Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижесін енгізуді растау қағидаларын, сондай-ақ қорытындының нысаны мен оны беру тәртібін бекіту туралы және «Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстарды айқындау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1449 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, БҒМ, ККМ	2012 жылғы тамыз
3.	Инвестициялық жобаларды инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесіне енгізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ККМ	2012 жылғы тамыз
4.	Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендерде инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғалар үшін өнеркәсіптік жеңілдіктер беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, ККМ	2012 жылғы тамыз
5.	Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елді мекендерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ, ИЖТМ	2012 жылғы наурыз
6.	Халықаралық мектеп мәртебесін беру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БҒМ, ЭДСМ	2012 жылғы наурыз
7.	«Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарлар бойынша есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1705 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, ЭДСМ	2012 жылғы наурыз
8.	«Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық камтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 964 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ	2012 жылғы наурыз



м и н и с т р л і г і

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК